

**Атасу жалпы білім беретін мектебінің директор жанындағы кеңес  
Хаттамасы (көшірме)**

**17.10.2023 ж.**

**Қатысқандар: 34**

**Қатыспағандар: 1**

**Күн тәртібінде:**

1. Мұғалімнің педагогикалық әдебі мен мәдениеті.

**Тыңдалды:** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Кенжебаева Сағат Хамитқызы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығында нақты көрсетілген Педагог жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта:

- педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды;
  - білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
  - Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
  - білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
  - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
- педагогикалық негізгі нормаларымен таныстырып, сақталуға тиіс екенін айтты. Келеңсіз жағдайларды алдын алу мақсатында әр педагогке әдеп нормаларын сақтау басты назарда болуын ескертті.

**Сөз сөйлегендер:** Әдеп кеңесінің мүшесі Шубаева Н. жалпы ұжым ахуалына сипаттама беріп, даулы мәселелер ұжым ішінде ішінара шешілетінін, кез келген жағдайдың алдын алуға тырысатынымызды атап өтті. Жас педагогтармен жұмыс жасай отырып, оларға ақыл-кеңес беріп, оқушылардың ата-аналарымен дұрыс қарым-қатынаста болуын айтып өтті.

**Сөз сөйлегендер: Тусупбаева С.Ж.** Мектептегі мұғалімдердің киім үлгісін жаңадан келген әріптестер үшін айтып өтті. Мұғалімдер арасында, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас та сөз болды. Оқушының ар-намысына тиетін сөз айтпау, оқушы кінәлі болса да кәсіби тұрғыдан сөйлеу мәдениетіне мән беру. Сондай-ақ, ата-аналармен қарым-қатынаста да дөрекілікке жол бермеу туралы айтты.

**Шешім:**

1. Мұғалімнің педагогикалық әдебі мен мәдениеті үнемі назарда болсын.
2. Мұғалімнің педагогикалық әдебі мен мәдениеті қызметтік уақытта да, қызметтік емес уақытта да сақталсын.

Директорлық кеңесінің  
төрайымы:  
Хатшысы:



Кенжебаева С.Х  
Мусипова Ж.Б